тайдырмай тәрбиелеп келеді. Осы еңбекті ақтап, білім нәрімен сусындап, тәрбие мәйегіне тұнып өскен бала болашақта мықты маман болады. Ал мықты маман ол тәуелсіз еліміздің гүлденуіне үлес қосатын жан болып табылады.

Қазіргі таңда айналаңа қарасаң, бәрі де ел үшін қызмет етіп, оқу оқып жүрген жандар қуанасың... Мақтан етесің...

Мен де елімнің болашағы үшін ең бірінші оқу оқып, елдің дамуына өзіндік үлес қосу үшін білім алып, ізденіп жүрген жастардың бірімін. Менің қазіргі мақсатым да осы деп ойлаймын. Әрине, әзірге... Бірақ болашақта еліміздің ертеңі үшін білім алу сатысынан өткеннен кейін мені ел үшін атқаратын талай істер күтіп тұр деп елестетемін. Ең бастысы, осындай керемет үмітпен өмір сүріп келе жатырмын. Осы үміттің өзі маған шабыт береді. Және осы үмітке сенемін. Бәрі сенімменен басталады емес пе? Ендеше, ол күндер де алыс емес деп ойлаймын.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ